V МОДУЛЬ
ӘКІМШІЛІК
ІС ЖҮРГІЗУ

# 3-сабақ
# Әрекет жасау туралы әкімшілік талап қою

## 1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

енгізу
жөндеу
бақылау
талап қою
жауапты
әрекет жасау
шағымдану

белгі орнату
реконструкциялау
жол жүрісін реттеу
жылдамдықты шектеу
жергілікті атқарушы орган
жұмыс түрлерінің орындалуы

## 2. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

Үлгі: Қарағанды қала+сы

Қазыбек би аудан ____
Қ. Аманжолов көше ____
білім беру мектеп ____
шектеу мәселе ____
әкімшілік полиция басқарма ____
жолаушылар көлік ____
мемлекеттік мекеме ____
жеке куәлік ____
мемлекеттік баж салық ____
арыз көшірме ____
жауап көшірме ____
пошта түбіртек ____

қ-ғ
к-г
п-б
көлік(г)-і
салық(ғ)-ы
талап(б)-ы

## 3. Сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| пошта | полиция басқармасы |
| талап | көшірмесі |
| жеке | түбіртегі |
| белгі | куәлігі |
| жол жүрісін | реттеу |
| жылдамдықты | шектеу |
| техникалық құралдарын | орнату |
| жергілікті атқарушы | орган |
| жұмыс түрлерінің | салу |
| арыз | орындалуы |
| әкімшілік | қою |



LIVEWORKSHEETS

## 4. Қажетті сөздерді жазыңыз.

| | |
|---|---|
| ____________ | орнату |
| ____________ | реттеу |
| ____________ | шектеу |
| ____________ | құралдарын салу |
| ____________ | атқарушы орган |
| ____________ | орындалуы |
| ____________ | көлікібелгі |
| ____________ | мекемесі |
| ____________ | куәлігі |
| ____________ | салығы |
| ____________ | көшірмесі |
| ____________ | көшірмесі |
| ____________ | түбіртегі |

жеке
жергілікті
жол жүрісін
техникалық
жолаушылар
мемлекеттік
жылдамдықты
белгі
мемлекеттік баж
жұмыс
пошта
жаяу
арыз

## 5. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Талап қоюшы: ____________

Мекенжайы: ____________

Жауапкер: ____________

Мекенжайы: ____________

## 6. Тыңдаңыз, жазыңыз, аударыңыз.

## 7. Тыңдаңыз және жазыңыз.

## 8. Үлгінің көмегімен жазыңыз.

| | |
|---|---|
| Алтыншы үй | 6-үй |
| Тоғызыншы қабат | |
| Үшінші бөлігі | |
| Екінші кеңсе | |
| Тоқсан бірінші бап | |
| Бірінші тармақ | |
| Жиырмасыншы пәтер | |
| Оныншы үй | |

**Есте сақтаңыз!**
Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе –ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнағының орнына дефис(-) жазылады. 35-бап, 2-тармақ, 14-үй



LIVEWORKSHEETS

## 9. Оқыңыз. Үлгіге қарап ақпараттарды толықтырыңыз.

**Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына**
**Талап қоюшы:** Серіков Аман Берікұлы,
ЖСН 740520350115
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы,
Қ. Аманжолов көшесі, 25-үй, 12-пәтер
**Байланыс телефоны:** 87014502121

**Жауапкер:** «Қарағанды қаласы коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автожолдар бөлімі» ММ
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы,
Назарбаев көшесі, 39
**Байланыс телефоны:** 43-30-55

## 10. Тыңдаңыз және жазыңыз.

**Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына**

**Талап қоюшы:** ______
ЖСН ______
**Мекенжайы:** ______
**Байланыс телефоны:** ______
**Жауапкер:** ______
**Мекенжайы:** ______
**Байланыс телефоны:** ______

## 11. Мәтінді оқыңыз және тыңдаңыз.

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы Қ. Аманжолов көшесі, 25-үйдің қасында ортақ жол өтеді, осы жерде орта білім беру мектебі, балабақша, орналасқан. Жолда жылдамдық шектеуі жоқ, сағатына 60 шақырым жылдамдықпен жүруге болады. Бұл жылдамдық балаларға қауіп төндіреді. Жылдамдықты шектеу мәселесі бойынша биылғы жылдың ақпан айында Қарағанды облысы полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасына шағымдандым. Аталған орган өз жауабында көрсетілген жерде «40» деген белгі болуы тиісті және белгі орнатуға жергілікті атқарушы органдар жауапты деді. 15.05.2021 жылы жауапкерге белгі орнату туралы өтініш хатын жолдадым, бірақ әлі күнге дейін жауап келмеді.

## 12. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

1. Қарағанды қаласы ______ ауданы.
2. Бұл жылдамдық ______ төндіреді.
3. Жолда ______ жоқ.
4. Әкімшілік ______ шағымдандым.
5. Белгі орнатуға ______ жауапты.
6. Жауапкерге белгі ______ жолдадым.
7. Әлі күнге дейін ______ келмеді.

## 13. Мәтін бойынша сәйкестендіріңіз.

| | |
|---|---|
| Қазыбек би | келмеді |
| жылдамдық | атқарушы |
| белгі | жолдадым |
| жауап | айында |
| шектеу | шектеуі |
| ақпан | мәселесі |
| өтініш хат | орнату |
| жергілікті | ауданы |

## 14. Тыңдаңыз және жазыңыз.



LIVEWORKSHEETS

Қарағанды облысы мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотына
**Талап қоюшы:** Серіков Аман Берікұлы,
ЖСН 740520350115,
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы, Қ. Аманжолов
көшесі, 25-үй, 12-пәтер.
**Байланыс телефоны:** 87014502121
Жауапкер: «Қарағанды қаласы коммуналдық
шаруашылық, жолаушылар көлігі және автожолдар
бөлімі» ММ
**Мекенжайы:** Қарағанды қаласы, Назарбаев көшесі,
39-үй
**Байланыс телефоны:** 43-30-55

# ӘКІМШІЛІК ТАЛАП ҚОЮ

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы Қ. Аманжолов көшесі, 25-үйдің қасында ортақ жол өтеді, осы жерде орта білім беру мектебі, балабақша, орналасқан. Жолда жылдамдық шектеуі жоқ, сағатына 60 шақырым жылдамдықпен жүруге болады.

Бұл жылдамдық балаларға қауіп төндіреді. Жылдамдықты шектеу мәселесі бойынша биылғы жылдың ақпан айында Қарағанды облысы полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасына шағымдандым. Аталған орган өз жауабында көрсетілген жерде «40» деген белгі болуы тиісті және белгі орнатуға жергілікті атқарушы органдар жауапты деді. 15.05.2021 жылы жауапкерге белгі орнату туралы өтінішхатын жолдадым, бірақ әлі күнге дейін жауап келмеді.

15.05.2021 жылы жауапкерге белгі орнату туралы өтініш хатын жолдадым, бірақ әлі күнге дейін жауап келмеді.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 17 сәуірдегі № 194-V ҚРЗ «Жол жүрісі туралы» Занының 17-бабы 2-тармағы 3-тармақшасына сәйкес, Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың және аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) атқарушы органдары өз құзыреті және өңір шегінде облыстық және аудандық маңызы бар жолдарда, елді мекендердің көшелерінде жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу, реконструкциялау, жөндеу, енгізу және күтіп-ұстау жөніндегі барлық жұмыс түрлерінің орындалуын және оларды бақылауды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілгендегі негізге ала отырып, сottан «Қарағанды қаласы коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автожолдар бөлімі» Мемлекеттік мекемесін Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданы Қасым Аманжолов көшесі 25 үйдің маңында «40» деген жылдамдықты шектеу жол белгісін орнатуға мәжбүрлеуін сұраймын.

**Талап қоюшы:** ________________ 09.07.2021ж.

**Қосымша:**
талап-арыз 3 дана;
жеке куәлігі;
мемлекеттік баж салығы;
арыз көшірмесі;
жауап көшірмесі;
пошта түбіртегі



LIVEWORKSHEETS